



Қоғамдық-саяси апталық газет
1999 жылғы 28 маусымнан шыға бастады

Еженедельная общественно-политическая
газета. Издаётся с 28 июня 1999 года

№ 16 (862)

24 сәуір 2015 жыл

Жұма

ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХИ ФОРУМ

Сәуірдің 20-шы жұлдызында Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың кіндік қаны тамған киелі Қарасай ауданында өткен «Ауылым – алтын бесігім» атты форумға аудан әкімі Қайрат Бисембаев пен маслихат хатшысы Бақыт Смаилов бастаған мәслихат депутаттары қатысты.



Тағылымы мол тарихи форумға қатысушылар иісі қазақтың маңдайына біткен ұлт Көшбасшысын ерекше тебіреніспен қарсы алды. Тарих үшін қасқағым уақыт ішінде мемлекетіміздің тәуелсіздігін дүние жүзіне мойындата отырып, төрткүл дүниеге танымал ел ете білген Елбасымыздың әрбір саликалы сөзінен біздің елді әлем халқы құрметтейтініне, сонымен қатар, ынтымағы жарасқан көпұлтты мамыражай халқымыздың ғаламат табыстардың биік белестерін бағындырғанына тағы да көз жеткіздік. Қаскелең аспанында қалықтаған Б.Есебаевтың «Елбасым» әнінің ... «Менің Елбасым, Менің Елбасым, Ел бақыты – Нұр ағаны Төңір қолдасын. Нұр аға салған нұрлы жолымен, Қазақстан көкке самғасын!» – деген жолдары аталмыш шараға қатысқан әр адамның жүрегінде мәңгі сақталары және ұшы-қиыры жоқ қазақтың дархан даласына кеңінен тарары сөзсіз.

Ү. ДОСМОЛДАНОВА,
Көкдала ОМ директоры, мәслихат депутаты

МЕДАЛЬДАР ТАБЫСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығына сәйкес 1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы кезеңінде балапан қанаттары қайрылып, қасқайып тұрып еңбек еткен, ауданда тұрып жатқан 536 тыл еңбеккерлеріне Жеңістің 70 жылдық мерейтойына орай арнайы дайындалған медальдар табысталды. Аудан әкімі Қайрат Бисембаев марапат иелерінің кеудесіне мерейлі медальдарды қадау барысында алдағы Жеңістің 70 жылдығымен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тіледі. Үштөбе қаласында өткізілген біқатар аталмыш шараларда мерейтойлық медальдарды қала әкімі Қанабек Есботанов табыстады.

Біз де өз тарапымыздан бейбіт күнді нәсіп еткен, біздер үшін тынбай еңбек еткен ардагерлеріміздің бүгінгі марапаттары құтты болсын дейміз!

С.СӘРСЕНҚҰЛҚЫЗЫ



Скоро мы отметим 70-ю годовщину Великой Победы. Чем дальше мы от нее, тем больше осознаем величие народного подвига. Победа не пришла сама. Она далась ценой многочисленных жертв, потерь, разрушений, страданий и лишений. Советские люди положили на алтарь Победы десятки миллионов жизней, сполна заплатили за неё тысячами разрушенных до основания городов и выжженных дотла деревень.

Имена героев не забыты

В те суровые дни войны пришла в каждый дом, в каждую семью. Не стала исключением и семья Курмангалиевых. Освободить Родину от немецко-фашистских захватчиков, не колеблясь, отправились оба брата Курмангалиевых – Алмас и Жолдас. Алмас героически пал в полях сражения в суровом феврале 1943 года, а Жолдас, в боях за деревню Ивашево, Полавского района, Ленинградской области, получил тяжелые ранения и от полученных ран скончался 10 декабря 1942 года. Вот так семья Курмангалиевых осталась без обоих сыновей, жены – вдовами, дети – без отца.

Сын Алмаса Ауесхан, уже сам прадедущка, до сих пор помнит, как будучи пятилетним мальчишкой, провожал отца на фронт, словно это было только вчера. В его памяти слова отца: «Родина – мать, всегда умей за нее постоять, сынок». Они и породили у Ауесхана чувство бесконечной любви к Родине, родной земле. Наших героев братьев Курмангалиевых Алмаса и Жолдаса, чествуют в России. Так, 17 марта 2015 года Военным комиссаром города Москвы В. Щепиловым на имя начальника Департамента по делам обороны Алматинской области направлено ходатайство о поощрении героев и увековечении их памяти. О подвигах своего дедушки – героя Алмаса, с гордостью вспоминают его дети и внуки. Долг нынешнего поколения перед участниками войны – никогда не забывать их ратных подвигов.

Жумагельды КУРМАНГАЛИЕВ, старший советник юстиции, начальник УКПФ и СУ по Алматинской области.



Алмас Курмангалиев с семьей

Встреча с наблюдателями

В минувшую среду в районной библиотеке прошел семинар – тренинг с участием председателя филиала РОО «Республиканская общественная комиссия по контролю за выборами в Республике Казахстан» по Алматинской области Адилгазы Есмурзанова с общественными наблюдателями по Каратайскому району. В ходе встречи Адилгазы Уахитович рассказал о полномочиях наблюдателей, о их правах и обязанностях, соблюдении Закона о выборах в день голосования, ответил на вопросы присутствующих.

Соб. инф.



Ескерткіштерді қорғау күні

ЮНЕСКО-ның ескерткіштерді қорғау жөніндегі Халықаралық Кеңесінің Ассамблеясы 1983 жылы 18 сәуірді «Ескерткіштерді қорғау күні» деп белгілеген.

Осы атаулы күнге орай аудандымыздың елді мекендеріндегі кесенелер мен ескерткіштерге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ҰОС ардагерлерінің құрметіне ескерткіштер басында салтанатты шаралар өткізілді. Атап айтсақ, Үштөбе қаласында - «Тарихи ескерткіштер - ұлт мақтанышы», Көлпеді - «Помним и гордимся», Жаңаталап ауылында - «Мұражай - Атамұра - Тарихымыз», Көкпектіде - «Ескерткіштер ғасырдан қалған мұра» тақырыбында шаралар өтті. Ауылдардағы ҰОС ардагерлері ескерткіштерге гүл шоқтарын қойып, тағзым етті. Өткізілген іс-шараларға облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау жөніндегі орталығының маманы Шынар Саматова қатысты.

Ж.ТЕБЕРИКОВ, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы



Қаратал бөрісі

18 сәуір күні қазақ өнерінің шоқ жұлдызы Бикен Римова атындағы мектептің спорт залында Ұлы Отан Соғысының жауынгері, соғыс және еңбек ардагері Сейдахмет Қосжанов ақсақалдың құрметіне қазақ күресінен «Қаратал бөрісі» аудандық турнирі болып өтті. Кешегі жер дүниенің астан-кестегін шығарған сұрапыл соғыстың ауыр ұрыстарында, жан алысып, жан беріскен шайқастарында қу жанын шүберекке түйіп, алтын басын оққа тігіп, жау ордасына қырандай шүйілген қарт жауынгердің мерейін асқақтатқан жарыс Жеңістің 70 жылдық мерекесі шеңберінде ұйымдастырылды.

ЕР ШЕКІСПЕЙ, БЕКІСПЕЙДІ

Мақсаты әкелер даңқын ардақтау арқылы жас ұрпақтың бойына патриоттық рух сіңдіру еді. 1941 жылдың тамыз айында қара нардай қайратты, көк бөрідей жүректі ағамыз «ер шекіспей, бекіспейді», - деп қан майданға аттанады. Содан 1943 жылдың қоңыр күзіне дейін озбыр жаумен қабыландай қармаласып, жолбарыстай жұлмаласады. Тек ауыр жараланғаннан кейін «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі», - деп елге аман-есен оралады. Бейбіт өмірде ауыл шаруашылық саласында, партия мен кеңес органдарында жауапты қызметтер атқарып, ел абыройына бөленеді. От ауызды, орақ тілді данагөй қарт, бүгінгі күні Қаратал жұрты үшін өнегенің өрісі, ақыл ойдың кеніші болып табылады. Елінің өркендеуі үшін аянбай еңбек еткен, әлі де көпшілікке ұлағатты тәрбие беріп отырған жасампаз жауынгерді, абыз ақсақалды әспеттеуге арналған жарыстың

шымылдығын құттықтау сөзбен Қаратал ауданының әкімі Қ.Ә.Бисембаев ашты. Ол өрмінезді, қайсар рухты солдаттың ерлік жолына және қазақ күресінің ерекшеліктеріне тоқтала келе жастарды әкелер аманатына берік болуға, елмен жерді сүйеге шақырды. Еңбек және спорт ардагері Т.Б.Дөненбаевпен тектінің тұяғы, асылдың сынығы майдангер өкениң ұлы Бекіш Қосжанов та сөз тиегін жалғастырып өз тілектерін білдірді.

Бұқа мойын, бура сан ...

Турнирдің бас төрешісі Ким Р.А. сайыстың өту тәртібімен таныстырысымен ауылдық округтерден келген салмақтары 75 келіден жоғары 14 палуан айкас алаңына шықты. Бірінші болып елтайлық Серік Құсайынов пен қызылбалықтық Асхат Дүкенбаев күш сынасып, соңғысының мерейі үстем болды. Осылай, палуандар кезектесе жұптасып, боз кілемнің шаңын қақты. Тартысты белдесулерде бірін-бірі тобықтан қағып, тілерсектен іліп, сүзе



құлатып дегендей, ақтық айкас-тарға да жетті. 3-ші орын үшін болған текетірестерде үшбөлімді Ізатбек Сламбек, өз досы Нұралы Махтарбаевтан, ал фрунзелик Хосен-Оғлы Дурсун бастөбелік Жанат Денгельбаевтан басым түсті. Іріктеу кезеңдерінде қарсылас біткенді қоғадан жапырған Е.Бегалиев пен В.Бабиев финалда бас жүлдені өзара сарапқа салды. Олардың кездесуін көпшілік асыға күткен еді. Салмақтары тоқсан келі

тартатын бұқа мойын, бура сан палуандардың бәсекесі жұрт топшылағандай көпке созылмады. Қабанбай батыр бабасындай қара күшке ие, әрі техникалық шеберлігі ұшталған Ерасыл Валераға дес бермеді. Алып та, шалып та жығып, құрған жоспарын жүзеге асырды. Дау тудырмайтын таза жеңіске жеткен ол, «Қаратал бөрісі» атанып, тұғырдың ең биік сатысына көтерілді. Алтын медальмен апталған бөріге, сонымен қатар кубок пен 1-ші дәрежелі диплом

және 50 мың теңге ақшалай сыйлық берілді. 2-ші орынды еншілеген Бабиев күміс медальмен күптеліп, кубок және 2-ші дәрежелі дипломмен үптелді және 30 мың теңгемен қанжығасын майлады. 3-ші жүлдеге қол жеткізген Ізатбек пен Дурсун мойындарына қола медаль іліп, кубок және дипломдармен қоса, әрқайсысы 20 мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды. Төрешілердің де еңбектері еленіп, олар да тиесілі сый-ақыларын алды. Сый-сияпат пен қаржы қорын Қосжановтар отбасы көтеріп, марапаттау рәсімін жоғары деңгейде жүргізді.

Жексенбек СҰЛТАНБЕКОВ



